«КЕЛІСІЛДІ»
«Мұғалжар аудандық білім бөлімі» ММ-нің әдістемелік кабинет әдіскері
_______Г.Қ. Нұрмағанбетова
«_08_»____09____ 2020 ж.

«БЕКІТЕМІН»
«Қарлығаш»бөбекжай-бақшасы» МКҚК меңгерушісі
_________ К.С.Медеуова
«___»_________ 2020 ж.

# Вариативтік компонент

# «Қауіпсіздік әліппесі»

Бағдарламаны дайындағандар:
№5 «Балапан» МАД тобының
тәрбиешілері Кубжанова Ж.О.
Самаева Т.Т

*Қандыағаш қаласы*

«Қарлығаш» бөбекжай бақшасы» МКҚК
№5 «Балапан» тобының тәрбиешісі
Кубжанова Жанар Уразовнаның
«Қауіпсіздік әліппесі» атты бағдарламасы

**Пікір**

«Қарлығаш» бөбекжай бақшасы» МКҚК 2020-2021 оқу жылы «Мектепке дейінгі білім беру туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылдың 20-желтоқсанындағы №557-бұйрығына сәйкес №5 «Балапан» мектепалды даярлық тобына вариативті компонент 1 сағаттан «Қауіпсіздік әліппесі» таңдап алынды.

Қауіпсідік сыртқы және ішкі қатерден қорғайтын тірі организмнің қажетті шарасы. Ал адам қауіпсіздігінің өз ерешеліктері бар, адамның басқа тірі организмдердің айырмашылығы, ол табиғи ортадан, өз өмір сүру ортасын жасай алады . Сондықтан болуы ықтимал қатерлер табиғи қатерлердің қатарына жатпауы да мүмкін. Іс-әрекеттің түрі күрделеген сайын, кешенді қорғану шаралары қажет болады.

Адам іс-әрекеттің қауіпсіздігі адамның іс-тіршілігі мен қауіп қатер бір-бірімен кездеспейді тұйық шеңбер ,адамның іс-әрекетінің процесінде қауіп қатер әр уақытта болғанымен, ылғи да бола бермейді. Ондай қауіп болуы үшін үш жағдай болуы керек.

**Бірінші міндет**-нақты іс-әрекеттен болатын қауіп-қатерлі талдау.

**Екінші міндет**-адамды және өмір сүру ортасын табылған қауіп-қатерден қорғаудың тиімді әрі сенімді шараларын әзірлеу.

**Үшінші міндет**-осы іс-әрекеттің тәуекелінің қалдығынан қорғану шараларын әзірлеу , себебі толық қауіпсіздік орнату мүмкін емес.

Қауіп-қатердің өзі өте күрделі,көпжақты құбылыс болғандықтан, олардың негізгі белгілері бір-бірімен ұштасып , араласып жатады. Сондықтан оларды дұрыс жіктеу, оның алдын алуға, себебін, сипаттамасын анықтап, шара қолдануға және салдарын жоюға үлкен маңызы бар. Балалардың кішкентай кезінен бастап не болатыны, не болмайтыны туралы бойларына сіңіріп отырса, келешек қауіп – қатерден сақ болуға болатыны туралы үйренеді.

«Қарлығаш» бөбекжай бақшасы» әдіскері : Кулжанова Г.С

# Түсінік хат

Бағдарлама балаларға кауіпсіздік ережелеріне үйрету максатында дайындалған. Осы максатты негізге ала отырып,бағдарлама төмендегілей міндеттерді камтиды:
- Көшеде, ауладағы қауіпсіздік ережелерімен таныстыру.
-Үйде жалғыз калғанда,өрт болған жағдайларда не істеу керектігін туралы таныстыру,

Бағдарламада балаға керекті қауіпсіздік ережелері: «Бөгде адам шақырса барма», «Қауіпті жермен жүрме», «Қабаған иттен сак бол», «Тұрмыстык кауіптер», «Өрт болғанда не істеу керек», «Балконга шыкпау», « Мұзды жермен журмеу», «Ашык алаңдардан аулақ бол» сиякты мәліметтер берілген. Яғни,әрдайым сак бол, өміріне кауіпті жерлерден абай болуға тәрбиелеу көзделіп отыр.

Бағдарлама 4-5 жастағы балаларға арналып, аптасына 1 рет-36 сағатка жоспарланган.

Мектеп жасына дейінгі балаларға жан-жақты тәрбие беру, айналадағы коршаған ортадағы қауіп төндіретін заттар туралы мағлұмат беру өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Балалардың кішкентай кезінен бастап бойларына не болатыны, болмайтыны туралы сіңіріп отырса, келешек қауіп-қатерлерден сақ болуға болатыны туралы үйренеді.

**Мақсаты:** Балаларды қоршаған ортаны тануға бейімдеу. Қоршаған ортадағы төнетін қауіп-қатерден сақ болуға, балаларға ұғындыру жеңілден, ауырға карай таныстырылады. Үлкендердің айтқандарын орындауға, сақ, абай болуға тәрбиелеу.

**Міндеті:** Болашақ балалардың қауіпсіздік ережелерін сақтай білу міндеті күтілуде.

**Күтілетін нәтиже:**

- Топта, балабақшада, үйде, көшеде, қоғамдық орындарда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге үйренеді.

– Жолда жүре білу ережелерін үйренуге қызығушылықтары артады.

– Жұқпалы аурулар туралы түсінігі кеңейеді.

**Білім беру саласы:** Денсаулық

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Қауіпсіздік әліппесі

| № | Тақырыбы | Мақсаты | Сағат саны |
|---|---|---|---|
| 1 | «Қауіпсіздік кепілі ата-ана» | Келеңсіз оқиғаның алдын алу үшін өз ата-анасының аты-жөнін білуге үйрету. Сақтыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 2 | «Құлыпталған есік қауіпсіздік кепілі» | Бала үйде жалғыз қалған жағдайда, есікті ешкімге ашпау жөнінде кеңес беру, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 3 | «Дәрі-дәрмекті орынсыз алмайық» | Үлкендердің нұсқауынсыз дәрілерді және басқа да қауіпті заттарды ұстамау жайында дұрыс пікірді қалыптастыру. | 1 |
| 4 | «Сіріңкеден аулақ болайық» | Сіріңкемен, оттықпен ойнамау, ол адамға зиян келтіретінін түсіндіру. Қауіпті құрал екендігін айту. | 1 |
| 5 | «Өрт – тілсіз жау» | Өрт болған жағдайда өз-өзін қалай ұстау керектігін түсіндіру,еденге жатып еңбектеу керектігін айту. | 1 |
| 6 | «Ас үйде - жалғыз қалғанда» | Газ плита туралы балаларға түсінік беру.Үлкен-дердің рұқсатынсыз ас үйге бармауға, сақ болуға тәрбиелеу. | 1 |
| 7 | «Тұрмыстық техниканың зияны» | Балаларды теледидар,үтік т.б. техникалық заттарға жоламауға үйрету. Сақтыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 8 | «Қауіптің бәрі-розетка» | Розеткаға жақындамау, қандай да бір ұшты затты тығуға болмайтыны туралы айту. | 1 |
| 9 | «Балкон-қауіпті жер» | Кішкентай балаларға балконға мінуге болмайтыны туралы түсінік беру. Балкон бала өміріне қауіпті екені туралы мағлұмат беру. Әрдайым абай болуға тәрбиелеу. | 1 |
| 10 | «Қабаған ит-қауіпті» | Көшедегі иттің қауіпті екендігі туралы мағлұмат беру.Үлкендерсіз көшеде жүрмеуге тәрбиелеу. | 1 |
| 11 | «Дұрыс отыра білейік» | Орындықта тентек болып, шайқалмай отыруға үйрету. Құлап қалған жағдайда қауіпті екендігі туралы мағлұмат беру. | 1 |
| 12 | «Ұшты заттан-аулақ бол» | Балаларды ұшты заттар.яғни (шеге, қайшы, біз, кілт, қарындаш т.б.) ұстамауға, көзге қарай нұсқамауға үйрету. Сақтыққа, әрдайым ұқыпты болуға тәрбиелеу. | 1 |
| 13 | «Ойнайық-аман болайық» | Ауладағы, көшедегі ойнауға қауіпті жерлерге бармау керектігі туралы айту.Үнемі үлкендер бақылауында болу керектігі туралы түсінік беру. | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 14 | «Көшеде жүре білейік» | Балаларға бағдаршам туралы түсінік беру. Машина,көлік жүретін жерлермен жүруге болмайтыны туралы мағлұмат беру. | 1 |
| 15 | «Табиғи апат» | Жер сілкінісі кезінде бөлменің ең қауіпсіз жерлерінде тұру керектігі туралы түсінік беру. | 1 |
| 16 | «Көше-кездейсоқ оқиғаларға толы» | Көшеде танымайтын адам шақырса көлігіне мінбеу керектігін, қауіпті екендігін түсіндіру. Балаларды әрдайым сақ болуға тәрбиелеу. | 1 |
| 17 | «Мұздан аулақ болайық» | Көшедегі мұзды жерлермен жүрмеуге, өйткені аяқ тайып, сынып қалу қаупі бар екендігі туралы түсінік беру. | 1 |
| 18 | «Үйге бөгде адам келгенде» | Үйде жалғыз қалғанда, бөгде танымайтын адам есік қақса ешкімге ашпауға үйрету.Үлкендер айтқандарын жасауға тәрбиелеу. | 1 |
| 19 | «Жан-жануар сенің достарың» | Иттер мен мысықты ызаландыру адам өміріне қауіп келтіретіні туралы түсінік беру. Қолмен ұстамауға үйрету. | 1 |
| 20 | «Адам өмірінің қауіпсіздігі» | Әйнектер мен бөтелкелерді сындыру аса қауіпті іс екендігі туралы білімдерін кеңейту. | 1 |
| 21 | «Аяздан-сақ болайық» | Балаларға қыс мезгілінде болатын, аяздан сақтануға беті-қолды үсіріп алмауға үйрету. Аязды күні сыртта көп жүрмеуге түсінік беру. | 1 |
| 22 | «Қараңғы жер-қауіпті» | Қараңғы түскен кезде ата-анасыз жүруге болмайтыны туралы түсінік беру. Қауіпсіздік ережесін сақтауға тәрбиелеу. | 1 |
| 23 | «Адасқан бала» | Көшеде ата-анасынан қалып қоймауға, адасып кетпеуге үйрету. Адасып кеткен жағдайда ата-анасының аты-жөнін, мекен-жайын білуі қажет екендігін түсіндіру. | 1 |
| 24 | «Сатыдан аулақ болайық» | Сатыдан мініп-түсіп ойнауға, жүгіруге, секіруге болмайтындығы туралы түсінік беру. Сақтыққа, әрдайым ұқыпты болуға тәрбиелеу. | 1 |
| 25 | «Бөгде адамға-жолама» | Балабақшадан алып кетуге бөгде адам келсе бармауға, конфет, тәтті заттар ұсынса алмауға үйрету. Сақ болуға тәрбиелеу. | 1 |
| 26 | «Қар ериді-сақ болайық» | Көктем келіп қар, мұз еритіні, ұшты мұздың қауіпті екендігі туралы мағлұмат беру. | 1 |
| 27 | «Себепсіз басқа пәтерге кірме» | Балаларға танымайтын пәтерге себепсіз кіруге болмайтыны туралы түсінік беру. | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 28 | «Біз жолаушы-лармыз» | Көше көріністері туралы түсініктерін қалып-тастыру.<br>Автобус ішінде тәртіп сақтап,үлкендерге орын беруге тәрбиелеу. | 1 |
| 29 | «Ұсақ түйектен-аулақ бол» | Ұсақ- түйек заттар (ілгек,конструктор,т.б.) ауызға, мұрынға салмауға, қауіпті екендігі туралы мағлұмат беру. | 1 |
| 30 | «Су да-тілсіз жау» | Үлкендер көмегінсіз суға шомылуға баруға болмайтыны туралы түсінік беру. | 1 |
| 31 | «Жеміс-жидекті жуып жейік» | Жеміс-жидектерді жеу алдында міндетті түрде жуып жеу керектігі туралы әңгімелесу. | 1 |
| 32 | «Досыңмен тату бол» | Топта балалармен ойнаған кезде, қолдарындағы ұшты затпен ұрып жібермеуге, ол қаншалықты қауіпті екендігі туралы әңгімелесу. | 1 |
| 33 | «Денсаулық-зор байлық» | Таныс емес жидек, саңырауқұлақтарды жеуге болмайтыны туралы әңгімелеу. Қауіпсіздікті сақтауға тәрбиелеу. | 1 |
| 34 | «Қауіпті жәндіктер мен жыландар» | Улы жәндіктер, жыландар т.б. сақтануға үйрету.Улы жәндіктер шаққан кезде не істеу керектігі туралы әңгімелеу. | 1 |
| 35 | «Жағымсыз әдеттер» | Саусақ сормау, мұрын шұқымау т.б. жағымсыз әдеттерден сақ болуға үйрету. | 1 |
| 36 | «Жұқпалы аурулардан сақ болайық» | Тұмау,іш ауру,тырысқақ, іш сүзегі ауруларынан сақ болуға, қолды сабынмен жууға үйрету. Сақ болуға тәрбиелеу. | 1 |
| | | **Барлығы :** | **36 сағат** |

**Білім беру саласы:** Денсаулық

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Қауіпсіздік әліппесі

| № | Тақырыбы | Сағат саны | Күні |
|---|---|---|---|
| 1 | «Қауіпсіздік кепілі-ата-ана» | 1 | |
| 2 | «Құлыпталған есік қауіпсіздік кепілі» | 1 | |
| 3 | «Дәрі- дәрмекті орынсыз алмайық» | 1 | |
| 4 | «Сіріңкеден аулақ болайық» | 1 | |
| 5 | «Өрт - тілсіз жау» | 1 | |
| 6 | «Ас үйде - жалғыз қалғанда» | 1 | |
| 7 | «Тұрмыстық техниканың зияны» | 1 | |
| 8 | «Қауіптің бәрі-розетка» | 1 | |
| 9 | «Балкон-қауіпті жер» | 1 | |
| 10 | «Қабаған ит-қауіпті» | 1 | |
| 11 | «Дұрыс отыра білейік» | 1 | |
| 12 | «Ұшты заттан-аулақ бол» | 1 | |
| 13 | «Ойнайық-аман болайық» | 1 | |
| 14 | «Көшеде жүре білейік» | 1 | |
| 15 | «Табиғи апат» | 1 | |
| 16 | «Көше-кездейсоқ оқиғаларға толы» | 1 | |
| 17 | «Мұздан аулақ болайық» | 1 | |
| 18 | «Үйге бөгде адам келгенде» | 1 | |
| 19 | «Жан-жануар сенің достарың» | 1 | |
| 20 | «Адам өмірінің қауіпсіздігі» | 1 | |
| 21 | «Аяздан-сақ болайық» | 1 | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 22 | «Қараңғы жер-қауіпті» | 1 | |
| 23 | «Адасқан бала» | 1 | |
| 24 | «Сатыдан аулақ болайық» | 1 | |
| 25 | «Бөгде адамға жолама» | 1 | |
| 26 | «Қар ериді-сақ болайық» | 1 | |
| 27 | «Себепсіз басқа пәтерге кірме» | 1 | |
| 28 | «Біз жолаушылармыз» | 1 | |
| 29 | «Ұсақ түйектен-аулақ бол» | 1 | |
| 30 | «Су да-тілсіз жау» | 1 | |
| 31 | «Жеміс-жидекті жуып жейік» | 1 | |
| 32 | «Досыңмен тату бол» | 1 | |
| 33 | «Денсаулық-зор байлық» | 1 | |
| 34 | «Қауіпті жәндіктер мен жыландар» | 1 | |
| 35 | «Жағымсыз әдеттер» | 1 | |
| 36 | «Жұқпалы аурулардан сақ болайық» | 1 | |
| | **Барлығы :** | **36 сағат** | |